

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ»
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

20 20 ж. « 27 » 05 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 200540020574

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау
орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр - Сұлтан қаласы, 2020 жыл

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 21 мамырдағы
№ 158-936 қаулысына
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Орталық) көп балалы, толық емес, аз қамтылған, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға (бұдан әрі – азаматтардың жекелеген санаттары) кешенді консультациялық қызметтер көрсету, отбасы институтын нығайту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық мекеме нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Орталықтың құрылтайшысы әкімдік болып табылады (бұдан әрі – құрылтайшы).

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Орталыққа қатысты уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) болып табылады.

5. Орталықтың толық атауы:

қазақ тілінде: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Центр поддержки института семьи «Жанұя» акимата города Нур-Султан.

6. Орталықтың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 14.

2. Орталықтың заңды мәртебесі

7. Орталық құрылды деп есептеледі және ол мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Орталықтың дербес балансы, Қазақстан Республикасының банк ісі туралы заңнамасына сәйкес қазынашылықта шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және қазақ және орыс тілдеріндегі атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары болады, сотта талапкер және жауап беруші болып шығады.

9. Орталық өзінің барлық міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі қаржылық қаражаттармен жауап береді. Орталықтың қаржылық қаражаты

жеткіліксіз болған кезде, құрылтайшы оның міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Орталықтың азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Орталық қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Орталық қызметінің мәні азаматтардың жекелеген санаттарына кешенді консультациялық қызметтер көрсету, отбасы институтын нығайту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

12. Орталық қызметінің мақсаты отбасы институтын жан-жақты қолдау және нығайту болып табылады.

13. Орталық мақсатқа жету үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) азаматтардың жекелеген санаттарын қабылдауды, жұмыс бағыттарын белгілеуді және отбасымен жеке жұмыс жоспарын жасауды жүзеге асырады;

2) азаматтардың жекелеген санаттарына мемлекеттік қызмет және әлеуметтік көмек алу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсетеді, мемлекеттік қызмет көрсету үшін тиісті мемлекеттік органдарға жіберуді жүзеге асырады;

3) өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтардың жекелеген санаттарына психологиялық қолдау, кеңес беру бойынша қызметтер көрсетеді;

4) жеке ісін ашу, салық заңнамасы мәселелері бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына консультация беруді жүзеге асырады;

5) әйелдердің және азаматтардың жекелеген санаттарының басқа да адамдарының кәсіпкерлік бастамасын қалыптастыруға бағытталған оқыту бағдарламаларын, мастер-класстарды, басқа да іс-шараларды өткізеді;

6) қорғаншылық, бала құқықтарын сақтау мәселелері бойынша консультация беруді жүзеге асырады;

7) азаматтардың жекелеген санаттарына заң қызметтерін көрсетуді жүзеге асырады, оның ішінде некені бұзу туралы талап арыздарды жасау, кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу және тағы басқа;

8) атқарушылық парактарды, сот бұйрықтарын өндіріп алуға жүгіну тәртібі бойынша, оның ішінде кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы консультация беруді жүзеге асырады;

9) азаматтардың жекелеген санаттарына волонтерлік көмекті дамытады және жүйелейді;

10) өз құзыреті шегінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

11) отбасы саясаты саласын жетілдіру жөніндегі озық халықаралық тәжірибені зерделеуді жүзеге асырады;

12) отбасы саясатының бағыттарын мониторингті, талдауды, болжауды және моделдеуді жүзеге асырады;

13) отбасы саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірлейді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орталыққа жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Орталықтың өзінің осы Жарғымен бекітілген қызмет нысаны мен мақсатына қайшы келетін қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ мәмілелерді жасауына жол берілмейді.

4. Орталықты басқару

14. Директор Орталықтың басшысы болып табылады.

15. Директорды Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес уәкілетті орган лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

16. Директор Орталықтың жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды, уәкілетті органға бағынады және Орталыққа жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының жүзеге асырылуы үшін дербес жауаптылықта болады.

17. Директор жеке басқару қағидатында әрекет етеді және Орталықтың қызмет мәселелерін өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

18. Директор Орталықтың атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда оның мүддесін білдіреді, Орталықтың мүлкі мен қаражатына мемлекеттік меншік туралы заңнамада белгіленген тәртіппен иелік етеді, келісімшарттар жасайды, сенімхаттар, оның ішінде қайталап сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді, банктерде Орталықтың шоттарын ашады.

19. Директор Орталықтың қызметіне қатысты актілерді шығарады, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және босатады, ынталандыру шараларын қабылдайды, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен Орталық қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады.

20. Өзінің орынбасарының (орынбасарларының) және Орталықтың өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттігі аясын айқындайды.

21. Орталықтың қызметкерлерін даярлауға және біліктілік арттыруға жібереді.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қабылдайды.

23. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы, осы Жарғы және құрылтайшы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

24. Орталық директорының жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері өзінің еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соқтырады.

25. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Орталықтың жарғысын бекітеді.

26. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Орталық жұмысын үйлестіреді;
- 2) Орталыққа әдістемелік және ұйымдастырушылық басшылықты жүзеге асырады;
- 3) Орталықтың жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 4) Орталыққа тиесілі мүліктің нысаналы пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 5) Орталық директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымнан босату негіздемесін айқындайды;
- 6) Орталықтың құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;
- 7) жылдық қаржылық есептемесін бекітеді;
- 8) Орталыққа берілген мүлікті алуға немесе қайта таратып бөлуге мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға келісім береді;
- 9) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Орталықтың мүлкін қалыптастырудың тәртібі

27. Орталықтың шұғыл басқару құқығындағы жеке дара мүлкі болады, ол Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне жатады.

28. Орталықтың мүлкі негізгі қорлардан және айналымдағы қаражаттан, сондай-ақ құны Орталықтың балансында көрсетілетін өзге де мүліктерден тұрады.

29. Орталықтың мүлкі мыналар:

- 1) оған құрылтайшы берген мүлік;
- 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншік туралы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

30. Орталықтың өзіне бекітілген және смета бойынша бөлінген қаражаттың есебінен сатып алынған мүлікті өздігінен шеттетуге немесе өзге де тәсілмен иелік етуіне құқығы жоқ.

31. Орталықтың қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен қаржыландырудың қосымша көздері белгіленбеген болса, Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінен қаржыландырылады.

32. Орталық бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы есептемесін ұсынады.

33. Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметін тексеру мен ревизия жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Орталықтағы жұмыс тәртібі

34. Орталықтың жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

35. Уәкілетті орган құрылтайшының шешімі бойынша осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

36. Осы Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Орталықты қайта құру және тарату шарттары

37. Орталықты қайта құруды және таратуды құрылтайшы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.
